Нұрлы-көш орта мектебі КММ
Қамқоршылық кеңестің №6 отырысы хаттамасы

**Өткізілген күні:** 02.12.2022
**Өткізілген орны:** Нұрлы-көш орта мектебі КММ
**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

Оқушылар арасында салауатты өмір салты мен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс
Жаңажылдық іс-шаралардың ұйымдастырылуы
Оқушылардың «Президент шыршасына», «Әкім шыршасына» қатысуын қамтамасыз ету
Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуы бойынша директор есебі
Әртүрлі сұрақтар

**Тыңдалды:**

Отырысты кеңес төрағасы кіріс сөзімен ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе мектеп директорының ТІЖО Коразбекова М.К. сөз алып, мектептегі құқықбұзушылық бойынша жасалып жатқан жұмыстармен таныстырды. Соның бірі тыйым салынған заттарға жүргізілген рейд қорытындысын атап өтті. Рейд қорытындысы бойынша оқушылардан тыйым салынған заттар табылмағанын атап өтті. Сонымен қатар, ІІБ қызметкерлерімен жүргізілген жұмыстар туралы айтты.

Жаңажылдық іс-шаралардың ұйымдастырылуы туралы да ДТІЖО айтып өтті. Жаңажылдық іс-шаралардың ұйымдастырылуына Ақтөбе облыстық білім басқармасының хаты басшылыққа алынатынын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында барынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Сонымен қатар, мектептің шыршасының көнергенін және безендіруге қажетті ойыншықтар, (мишура, герлянды) көнергеніне байланысты жарамсыз екендігін айтты. Жаңажылдық іс-шаралар 27-29 желтоқсан аралығында кесте бойынша өткізілетінін атап өтті.

Әлеуметтік педагог Иманова Г.Е. «Оқушылардың «Президент шыршасына», «Әкім шыршасына» қатысуын қамтамасыз ету» мәселесі бойынша ақпарат берді. «Президент шыршасына» қатысу үшін 3-7-класс балалары сұралып отыр. Бізде жалпы кластар бойынша АСП алатын оқушы жоқ. Дегенмен, 3-7-кластар арасында үйде оқытылатын мүгедектігі бар 4-класс оқушысы Нурлыбеков Артур бар, және осы аралықта 35 озат оқушы бар. Бірақ, Хромтау аудандық білім бөлімі АСП алатын отбасы баласы деп сұрап отырғандықтан бұл категорияда оқушы жоқ. Мектебіміздегі 2 жетім бала біреуі 8-класс, екіншісі 10-класс оқитын болуына байланысты бұл талапқа сай келмей отыр.

Осы орайда, әлеуметтік педагог «Әкім шыршасына» мектептегі оқу озаты және көпбалалы отбасында тәрбиеленетін, өгей әкемен тәрбиеленетін қолайсыз отбасы балалаларының тізімін қамқоршылық кеңеске ұсынды.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектеп директоры Уразтаева А.К. мәлімдеме жасады. Мектеп басшысы мектептің орталықтандырылған бухгалтерияға қарайтынын, мектепте жеке бухгалтерия жоқ болуына байланысты мектеп есебінде ешқандай қаржы болмайтынын жеткізді. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджеттен бөлінген мектепке алынған жабдықтар туралы айтып өтті...

**Жарыссөз:**

Кеңес мүшесі Жубанышева З.К. мектепте құқықбұзушылықтың орын алмағаны, ІІБ есебінде ешқандай оқушының болмауы – бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиісті деңгейде екендігін көрсететінін айтты.

Жаңажылдық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мәселесінде кеңес мүшесі жаңажылдық безендіру үшін мүмкіндігінше демеуші табу қажеттігін алға тартты.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Әліп А.Е. «Президент шыршасына» және «Әкім шыршасына» бұрын-соңды қамтылмаған балаларды қамту қажеттігін алға тартып, «Президент шыршасына» мүгедек оқушы Нурлыбеков Артурды ұсынатынын атап өтті. «Әкім шыршасына» озат оқушылар қатарынан көпбалалы отбасында тәрбиеленетін егіз балалардың сыңарын ұсынды, және өгей әкемен тәрбиеленетін балалар да ерекше бақылауды қажет ететіндігін атап өтіп, 7-класс оқушысы Жақсымұрат Асылжанды және 8 балалы отбасында тәрбиеленетін Қадіржан Сабинаны ұсынуды жөн көретінін айтты.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша кеңес шешім қабылдады:

**ШЕШІМ:**

Құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жалғасын тапсын.

Жаңажылдық іс-шаралардың ұйымдастырылуында басты назар балалардың қауіпсіздігіне арналып, қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын!

«Президент шыршасына» үйден оқытылатын, мүгедектігі бар 4-класс оқушысы Нурлыбеков Артур ұсынылсын!

«Әкім шыршасына» озат оқушылардан 6-класс оқушысы Нуратаева Кәусар, өгей әкемен тәрбиеленетін 7-класс оқушысы Жақсымұрат Асылжан және көпбалалы отбасынан (8 бала) 7-класс оқушысы Қадіржан Сабина ұсынылсын!

Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуы туралы қанағаттанарлық деп танылсын, қажетті құрал-жабдықтарға сұраныс берілсін

Төраға: Әліп А.Е.

Хатшысы: Коразбекова М.К.